

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2026 жылғы 23 сәуірдегі № ДС-132

**Құрметті депутаттар!**

Сауда-ойын-сауық орталықтарының (бұдан әрі – СОО) ойын аймақтарындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

*Балалар ойын алаңдарын СОО-ның бірінші қабатында орналастыру туралы*

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңға сәйкес құрылыс объектілерін жобалау кезінде адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін ғимараттардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі (27-2-баптың 1-тармағы).

«Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар» құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес балалардың ойын-сауық және білім беру үй-жайлары (алаңдар) мен аттракциондарды (ҚР ЕЖ 3.02-107-2014)<sup>1</sup> бірінші қабатта орналастыру қажет.

Заңнамада өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, «Құрылысқа жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы» деген Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларының (ҚР ҚН 1.02-03-2022) 5.18-тармағына сүйенсек, жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, ол бойынша жобалау жұмыстары басталған болса, ол басталғаннан кейін қолданысқа енгізілген жаңа (өзгертілген, толықтырылған) мемлекеттік нормативтердің нормалары мен ережелері оған қолданылмайды. Яғни 2018 жылдан қолданыла бастаған балалардың ойын-сауық және білім беру үй-жайлары (алаңдар) мен аттракциондарды бірінші қабатта орналастыру жөніндегі талаптар тек жаңа басталған объектілерге ғана қолданылады.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 159-НҚ бұйрығымен бекітілген.

Сонымен қатар 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасында (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) аттракциондарды қауіпті техникалық құрылғылар санатына жатқыза отырып, олардың жұмыс істеуін заңнамалық деңгейде регламенттеу, сондай-ақ аттракциондардың иелері мен операторларының азаматтардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіретін қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігін күшейту жөніндегі шаралар қарастырылған<sup>2</sup>.

Осылайша, балалар ойын алаңдарын қауіпсіз орналастыру мәселелері құрылыс саласындағы тиісті мемлекеттік нормативтермен реттелген.

*Санитариялық талаптарды қатаңдату және лицензиялау туралы*

Ішкі сауда қағидаларына<sup>3</sup> сәйкес СОО балалар ойын аймақтарын қоса алғанда, үй-жайлар мен жабдықтардың тиісті санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын қамтамасыз етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар қажет болған жағдайда арнайы тазалау жабдықтарын пайдалана отырып, меншікті немесе тартылған клининг қызметтерінің күнделікті жұмысы арқылы қамтамасыз етіледі.

Санитариялық қағидалардың<sup>4</sup> талаптарына сәйкес пайдаланылған ойыншықтарды қоса алғанда, ойын жабдықтарын өңдеу күнделікті жүргізіледі.

ЕАЭО техникалық регламентімен (*ЕАЭО ТР 038/2016 «Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы»*) сырғанақтар, батуттар, әткеншектер, карусельдер сияқты барлық мүлік міндетті сертификаттауға және декларациялауға жатады. Сондай-ақ «Аттракциондарды пайдалануға енгізу және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына» (*ҚР СТ 3359-2019*) сәйкес сенімді жабдықтарға және операторларға талаптар белгіленген.

Бұдан басқа, Кәсіпкерлік кодексінің (*бұдан әрі – Кодекс*) 82-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату енгізуді жоспарлау кезінде реттеуші әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізу талап етіледі.

*Қызметкерлердің кәсіби даярлығы туралы*

Еңбек кодексінің<sup>5</sup> нормаларына сәйкес қызметкерлерді кәсіби оқытудың қажеттігін жұмыс беруші өз бетінше айқындайды. Кәсіби оқыту ұйымның өзінде, бейіндік оқу орындарында немесе кадрларды даярлауды жүзеге асыратын өзге де ұйымдарда жүргізілуі мүмкін. «Азаматтық қорғау туралы» Заңға сәйкес адамдар көп жиналатын объектілердің қызметкерлері (*жеке тұлғалар*) төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібін білуге міндетті.

«Аттракциондардың қауіпсіздігі» ұлттық стандартымен (*ҚР СТ 3359-2019*) операторларға, олардың құзыреттілік деңгейіне талаптар белгіленген.

Кадрларды даярлауды ұйымдастыру үшін арнайы бағдарламалар әзірленеді, даярлауды, тағылымдамадан өтуді, білімін тексеруді және біліктілігін бағалауды жүргізу туралы құжаттама жүргізіледі. Алғаш рет емтихан тапсырған оператор оқушыларына пайдаланушы комиссия шешімі негізінде оператор біліктілігін береді және бір жылға берілетін куәлікті ресімдейді. Біліктілігін

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысымен бекітілген.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген.

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген.

<sup>5</sup> 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 118-бап.

растап, емтихан тапсырған операторлардың куәліктерінің қолданылу мерзімі бір жылға ұзартылады.

Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдар жылына екі рет аттракцион иелері мен операторлары үшін қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және стандарттар талаптарын сақтауға бағытталған түсіндіру іс-шараларын өткізеді.

#### *Баға саясаты туралы*

Кодекске сәйкес қызметтер құнын төмендету және жеңілдіктер (жеңілдік) беру мәселелері кәсіпкерлік субъектілерінің құзыретіне жатады және олар кәсіпкерлік қызмет пен нарықтық баға белгілеу қағидаттарын ескере отырып өз бетінше жүзеге асырады.

Балаларға, мүгедектігі бар адамдарға және халықтың өзге де әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсететін субъектілер әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызылып, тиісті тізілімге енгізілген.

Кодекстің нормаларын және кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің шамадан тыс араласуына жол бермеу қажеттігін ескерсек, Кәсіпкерлік субъектілері үшін міндетті жеңілдіктерді енгізу қосымша пысықтауды талап етеді.

Жалпы уәкілетті мемлекеттік органдар балалардың қауіпсіздігін, оның ішінде СОО ойын аймақтарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін арттыру бойынша ұдайы кешенді шаралар қабылдап тұрады.

Аталған бағыттардағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**О. Бектенов**